



Кітаптардың таңғажайып әлемі

**Облыстық № 2
әмбебап ғылыми
кітапханасының
балаларға қызмет
көрсету бөлімінде 2
сәуір – Халықаралық
балалар кітабы күніне
орай «Кітаптардың
таңғажайып әлемі» атты
феерия өткізілді.**

Кітап – білімнің қайнар көзі, ал балалық шақ – сол білімнің негізі қаланатын кезең. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін балалар кітап апталығы жас оқырмандарды кітап әлеміне жетелейтін, олардың ой-өрісін кеңейтетін маңызды мәдени шаралардың бірі.

Іс шарада кітапхана басшысы С. Алматова жас оқырмандарды кітап мерекесімен құттықтап, сәттілік

тіледі.

Апта бойы өткізілетін кітаптың, білімнің, танымның мерекесі өскелең ұрпақты кітап оқуға баулып, олардың рухани дамуына серпін береді. Кітап апталығы аясында түрлі қызықты іс-шаралар, кітап көрмелері, оқу марафондары, сахналық қойылымдар, байқаулар өткізілді. БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының 1-курс студенттері дайындаған «Қар ханшайымы» ертегісінен қойылым ұсынылды.

Оқырмандар арасында түрлі сайыстар мен викториналар ұйымдастырылып «Кім шапшаң?», «Шеңберден аспау», «Кім тапқыр?», «Ертегіні таны!» тақырыбында танымдық ойындар ойнатылып, тапқырлар мен алғырлар жеңімпаз атанды.

Кітап мерекесінде балалар өз өнерлерін ортаға салып, көңілді әндер шырқап, шабытпен кітап туралы өлеңдер оқып, әсем билерімен көрермендерді қуантты.

«Кітаптардың таңғажайып әлемі» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалынды. Осы іс-шараға Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы білім беретін мектебі және А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназия оқушылары қатысты. Балалар кітап апталығы мерекесіне белсене қатысып, білімдері мен өнерлерін көрсеткен оқырмандарға мадақтамалар мен сыйлықтар табыс етілді.

**Г. СЕЙТҚОЖИНА,
облыстық № 2 әмбебап
ғылыми кітапханасы,
балаларға қызмет көрсету
бөлімінің қызметкері**